

Мұқтаж отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету кезінде отбасы мүшесінің жиынтық табысына есептелетін табыс түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 15 мамыр N 604. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.24 N 1695 қаулысымен. ~ P011695

"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 U952700_ Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 қаңтардағы N 53 P960053_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мұқтаж отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету кезінде отбасы мүшесінің жиынтық табысына есептелетін табыс түрлерінің қоса беріліп отырған Тізбесі б е к і т і л с і н .

2. Мұқтаж отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету үшін отбасы мүшесіне шаққандағы жиынтық табысты есептеу кезінде осы қаулымен бекітілген Тізбе б а с ш ы л ы қ қ а а л ы н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Қазақстан

Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің және Қаржы министрлігінің келісімі бойынша екі апта мерзімде Отбасы мүшесінің жиынтық табысын есептеу тәртібі туралы нұсқаулықты осы Тізбеге сәйкес әзірлесін және бекітсін.

4.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1997.03.21.
N 382 қаулысымен.

P970382_

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 15 мамырдағы

N 604 қаулысымен

Бекітілген

Мұқтаж отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету
кезінде отбасы мүшесінің жиынтық табысына
есептелетін табыс түрлерінің
Тізбесі

Отбасы мүшесінің жиынтық табысына белгіленген уақыт кезеңінде
ақшалай немесе натуральды нысанда нақты алынған табыстың барлық
түрлері есептеледі:

- 1) еңбекақы түрінде алынған табыстар;
- 2) кәсіпкерлік қызметтен алынған табыстар;
- 3) мүлктік табыс;

4) республикалық және жергілікті бюджеттен төленетін мемлекеттік және
мемлекеттік емес зейнетақылар, стипендиялар, жәрдемақылар, өтемақылар;

Ескерту: . Балалы отбасыларына берілетін біржолғы жәрдемақыдан, жалғыз
тұратын зейнеткерлерге ақшалай және натуральды нысандағы өтемақылардан,
жерлеуге арнап және бала туған кезде берілетін біржолғы жәрдемақыдан басқа.

5) балаларға және асырауындағы басқа адамдарға алынатын алименттер;

6) мертігіп қалуына немесе өзге зақымданудан денсаулығына байланысты
шеккен зардабының орнын толтыру тәртібімен алынған біржолғы сомалар;

7) ақшалай және натуральды нысандағы ұтыстар;

8) өзінің қосалқы шаруашылығынан алынған кірістер (оның ішінде үй
малдары, аулалық учаске, бау-бақша, сая-жайлық учаске).

ЕСКЕРТУ. Жаңа 8)-тармақшамен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.04.22.

N 604 қаулысымен. P970604_

